



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘОЖ 74.20

АҚПАРАТТЫҚ –КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Муртазина Алиман Жапанқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» ҚММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: murtazinaaliman@yandex.kz

Аңдатпа

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың пайдаланудың мәні компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін баланың жеке тұлғасын дамыту проблемасының маңына топтасқан ақпараттық коммуникациялық технологиялық дидактикалық – әдістемелік проблемалық міндеттерді шешуге бағындыру болып табылады.

Тірек сөздер: ақпараттық, заманауи, инновациялық әдістерді, оқу үдеріс, мүмкіндіктер, сандық-технология

Аннотация

Сущность использования информационно-коммуникационных технологий заключается в подчинении возможностей компьютерной техники решению дидактико – методических проблемных задач информационно-коммуникационного процесса, сгруппированных в рамках проблемы развития личности ребенка.

Ключевые слова: информационные, современные, инновационные методы, учебный процесс, возможности, цифровые технологии.

Abstract

The essence of the use of information and communication technologies is to subordinate the capabilities of computer technology to the solution of didactic and methodological problems of the information and communication process, grouped within the framework of the problem of the development of the child's personality.

Key words: informative, modern, innovative methods, educational process, opportunities, digital technology.

Мұғалімнің ақпараттық коммуникациялық технологиялардың пайдалану жөніндегі қызметі табиғатының, оның мақсаттарының өзінің сапалық өзгеруі оқыту мақсатында ақпараттық коммуникациялық технология пайдалану дағдысына әсер ету жолымен мүмкін болуы мүмкін. Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың пайдаланудың мәні компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін баланың жеке тұлғасын дамыту проблемасының маңына топтасқан ақпараттық коммуникациялық технологиялық дидактикалық – әдістемелік проблемалық міндеттерді шешуге бағындыру болып табылады. Сондай-ақ педагогтың компьютерлік сауаттылығы ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудағы жеке тәжірибесін тұжырымдау есебінен сапалы түрде артады. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды. Мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым – қатынас пен қарым – қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Педагогикалық қызметте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқу үдерісін жетілдірудегі маңызды сәттердің бірі болып табылады, оның практикалық бағыттылығын арттырады, оқушылардың интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін дамытады және білім беру процесінде студенттердің ынтасын арттыруға көмектеседі. Заманауи компьютерлік технологияларды қолдану сабақты жаңа мазмұнмен толықтыруға, оны жарқын етуге, қолайлы атмосфераны құруға, оқу үдерісін жеделдетуге және студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Оқыту мен оқытуда да ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану модульде ұсынылған ақпараттар мұғалімдерге оқыту барысында ғылыми жетістіктерді жан-жақты пайдалану, оқытуды жетілдіру мақсатында жаңа сандық технологияларды қолдану бойынша көмек көрсету мен үйрету, Интернет желісінің мол мүмкіндіктерін еркін пайдалана білуге баулу қарастырылған. Заман талабына сай техника тілін белсеңді меңгерген тұлға компьютер бағдарламаларын, интерактивті жабдықтарды жан-жақты пайдаланушы ретінде ХХІ ғасырдың толыққанды адамы екені сөзсіз. Сондықтан мұғалімнің электрондық және сандық сауаттылығы мектеп оқушысының АКТ тұрғысында әлеуметтенуіне толық қызмет етуі қажет. Бұл тұрғыда қазіргі заман

жетістіктеріне дер кезінде ілесе отырып, оқушының, әріптестерінің толық мәнде ақпараттануына үлесін қосуы қажет. Сонымен ақпараттық коммуникативтік технологияны қолдану ақпарат берудің көптеген арналармен ғана қамтамасыз етіп қоймайды, сонымен қатар әртүрлі орталар бірін-бірі толықтыратын жағдайды ұғызады. [1, б.10–11]

Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы; ақпараттық технология басқа технологиялармен интеграциялана отырып, мұғалімнің қарқынды дамуына, оқу мен оқыту үдерістерін білікті түсінудің көрсеткіші болып табылады АКТ–ні сабақта қолдану уақыт тиімділігімен, қажетті ақпаратты аз уақыт аралығында шапшаң таба алуымен, оқушының жаңа тақырыпты есту және көру арқылы қабылдап, тез түсінуімен, сандық–технологияны меңгеру құзіреттілігінің дамуымен ерекшеленеді. Және теориялық және тәжірибелік білімді ұштастырып, АКТ–ні сабағына тиімді енгізген мұғалім оқу мен оқыту үдерісін жақсартады.

Мысалы, қазақ әдебиеті сабағында әртүрлі платформаларды, әлеуметтік желі платформалары арқылы оқушылардың білім деңгейін тексеру және бағалау мақсатында тиімді қолдана аламын. Wordwall.net, Kahoot.it, Quizizz.com, LearningApps.org платформаларын қолдануды тиімді санаймын. Оқушылар әдебиет сабағында М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романын өту барысында сабақтан алған білімдерін тексеру мақсатында Wordwall.net платформасы арқылы сәйкестендіру тапсырмасын орындады.

0:59

✓ 4

Ғали Жамалға: ✓

Егер жаман айтпай жақсы жоқ, өстіп жүргенде қолға түсіп, сені менен айырып әкетсе, қайтар едің, көніп кетер ме едің?

Жамал уайымдай: ✓

Олар секілді бір жігітпен көңіл қосып қашсам, пәленшенің қызы қашып кетіпті деген сөз болып, атамның сүйегін сындырғандай боламын. Разы болып Жұманға барсам, ғұмырымша қор боламын ғой.

Байжан мәжіліс арасында: ✓

Жұманға құда болар лайықты жер білетіндерің бар ма?

Шолпан Ғазиз ұстазға: ✓

Молдеке, біздің отағасының сөзін не қыласыз, ақырын оңашада жасырып хат жаздырып үйрете беріңіз, - деді




Қазақ тілі сабағында «Араб графикасына негізделген қазақ жазуы» тақырыбын Блум тагсономиясының қолдану сатысына сәйкес LearningApps.org платформасының «Кім миллионер болғысы келеді» тапсырмасы арқылы оқушылардың алған білімдерін қолдануға бағытталады.

Араб әліпбиі қай ғасырларда қызмет етті?

- A** V ғасырдан бастап VII ғасырдың басына дейін
- B** XII ғасырдан бастап XX ғасырдың аяғына дейін
- C** XIV ғасырларда
- D** XV ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейін

Және бөлімді қорытындылау мақсатында қазақ тілі сабағында «Көсемшенің жасалу жолдары» тақырыбын Quizizz.com платформасы арқылы оқушылар тест жұмысы орындады. Бұл платформаның тиімділігі оқушы тест тапсырмасын орындау барысында аз уақытта шапшаң орындау мен оқушының сандық–технологияны меңгеру құзіреттілігінің дамуымен ерекшеленеді.



Ұсынылған Wordwall.net, Kahoot.it, Quizizz.com, LearningApps.org платформаларының шаблондары әр түрлі құралдары пән мұғалімдеріне педагогикалық шығармашылық үшін, әсіресе ақпараттық және сонымен қатар қашықтықтан сабақтарды көңілді ұйымдастыру және өткізу үшін таусылмайтын қызықты ресурс екенін атап өткім келеді.

Ақпараттық коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, ақпараттық коммуникациялық технология интаративті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Ақпараттық коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты: үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамыту; коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық – зерттеу қызметі дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін дамыту; оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындандыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру; қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты өткізу. AhaSlides – бұл кез келген жерде қажеттілікті арттыруға арналған интерактивті бағдарламалық құрал. Оның маңызды викториналық мүмкіндіктері назар аударуға және студенттермен, әріптестермен, тыңдаушылармен, тұтынушылармен және басқалармен қызықты диалог құруға арналған бірнеше басқа құралдармен қатар орналасады [2, б. 6–7].

Сонымен қатар, интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып, өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады деп ойлаймын. Қазіргі білім берудегі басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан – жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін өзіміздің ұстаздық іс – тәжірибемде ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақтаны кеңінен қолданамын. Мұнда оқушылармен қарым – қатынас, тәжірибені демонстрациялау, оқушының ой – тұжырымын ауызша баяндау, т.б. әдіс – тәсілдер кіріктіріліп, біртұтас жүйе ретінде жүзеге асады. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын [3, б. 15].

Мен сабақта, мынандай факторларды басшылыққа аламын:

- балалардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу;
- ойлау қабілетін дамытатын тапсырмалар беру;
- оқушы қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
- оқушының теориялық – практикалық сауаттылығын арттыру.

Бұл үрдістің арқасында оқушының сыни ойлау қабілетті қалыптасады. Біздің көзқарасымыз бойынша оқытуда интерактивті құралдарды пайдалану, оларға сәйкес дидактикалық нұсқауларды жасау, дәстүрлі оқытуды түбегейлі өзгертіп, оны жаңа сапалы сатыға көтереді.

Қазіргі таңда жаңа ақпараттық технологиялар оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қызығу-шылығын арттыру құралы ретінде қолдану өте тиімді. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және қолдану, интеллектуалды дамыған, ақпараттық ортада жақсы әрекеттене білетін тұлғаны қалыптастыру жолында ақпараттық-коммуникация құралдарының барлығын пайдаланудың белсенді процесі жүріп жатыр. Қазақ тілі және әдебиеті пәнінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны кеңінен пайдалана отырып оқушылар бүгінгідей ақпарат ғасырындағы өмірге бейімделген жан-

жақты білімді жеке тұлға болып қалыптасады. Ақпараттық технологияларды қазақ тілін оқыту үдерісінде пайдалану оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашып, мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатына сай жақсы, жан-жақты дамыған оқушы иесі ретінде танылуларына негіз бола алады. Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн [4, б. 20].

Қорытындылай келе, ақпараттық коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің бастамасы. Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бөрібаев Б, Балапанов Е «Жаңа ақпараттық технологиялар», Алматы 2001 ж.
2. «ҚР білі беруді дамытудың 2005–2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы»–Егеменді Қазақстан газеті 16/1–2004 №5
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық 4–5 б.
4. А.Ғалымжанова «Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық құзырлығын қалыптастыру бағыттары» 48 б.

ӘОЖ 001.895

МҰҒАЛІМНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС – ӘРЕКЕТІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*Мусағулова Диана Бахытбековна
педагогика ғылымдарының магистрі
E-mail: diana_92-14@mail.ru
Қайырбекова Гүлжазира Мейрамханқызы
E-mail: Gulzhazira.a.27@gmail.com
Искакова Назгуль Кажимовна
E-mail: nazguliskakova@mail.ru
ағылшын тілі пәні мұғалімдері
F.Қайырбеков атындағы № 9 ЖББМ
Қостанай қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа

Мақалада білім берудегі инновацияның өзектілігі мен мәні талқыланады. Білім берудегі инновациялардың түрлері беріліп, инновациялық-ақпараттық технологияларға сипаттама берілді. АКТ қолдану білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің мотивациясын арттыруға және білім алушылардың шығарма-шылық әлеуетін дамытуға көмектеседі. Мультимедиялық құралдарды, интерактивті тақтаны, құжат камерасын, презентацияларды пайдалану оқу үдерісінің тиімділігін және білім алушылардың оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар, инновациялар, білім беру.

Аннотация

В статье рассматривается актуальность и важность инноваций в образовании. Указаны виды инноваций в образовании и описаны инновационные информационные технологии. Использование ИКТ способствует повышению мотивации учебно-познавательной деятельности учащихся и развитию творческого потенциала учащихся. Использование мультимедийных средств, интерактивной доски, документ-камеры и презентаций позволяет повысить эффективность учебного процесса и качество подготовки учащихся.

Ключевые слова: Информационно-коммуникационные технологии, инновации, образование.

Abstract

The article discusses the relevance and importance of innovations in education. The types of innovations in education are indicated and innovative information technologies are described. The use of ICT helps to increase the motivation of learners' educational and cognitive activity and the development of students' creative potential. The use of multimedia tools, an interactive whiteboard, a document camera and presentations can improve the efficiency of the educational process and the quality of student training.

Key words: Information and communication technologies, innovations, education.